

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2020 жылғы 1 қазандағы № ДС-153

Құрметті депутаттар!

Сіздердің жалпы білім беретін мектептерде жан басына нормативтік қаржыландыруды енгізу процесіне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Жан басына қаржыландыру әдістемесіне¹ (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап республиканың 1 595 қалалық толық жинақталған мектебінде толық ауқымды жан басына қаржыландыру енгізілді (оның ішінде ағымдағы жылғы қыркүйектен бастап жан басына қатысты қаржыландыру қосымша 1 149 мектепте енгізілді) және еңбек ақы төлеу, коммуналдық қызметтер, күрделі шығыстар, байланыс қызметтері, сондай-ақ мұғалімдер үшін ынталандыру қорын қалыптастыруға арналған шығыстарды қамтиды.

2013-2017 жылдар аралығында 5 өңірдің (Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Түркістан облыстарында) 30 ауылдық мектебінде жан басына қаржыландыруды сынақтан өткізу жүргізілгенін атап өту қажет.

Пилоттық жоба қорытындысы бойынша жан басына нормативтік қаржыландыру енгізілген ауылдық мектептерде сыныптардың төмен толымдылығына байланысты олардың жұмыс істеуі, оның ішінде қызметкерлердің жалақысы бойынша шығыстар өтелмеді. Мәселен, жобалық қуаты 120 орындық ауылдық мектеп толымдылығы шамамен 80 адамды құрайды. Егер сметалық ұстау кезінде қаржыландыру сомасы жылына 64 млн. теңгені құраса, онда жан басына нормативтік қаржыландыру кезінде қаржыландыру көлемі 36,2 млн.теңгені (56,5%-ға кем) құрады. Бұл ретте, мектептің жұмыс істеу шығыстары өзгеріссіз қалды.

¹ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы.

Қазіргі уақытта Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) ауылдық жалпы білім беретін толық жинақты мектептер тиісті түзетулері бар Әдістеме жобасын *(ауылдық жердегі жұмысы үшін қосымша ақы)* дайындады.

Бұл ретте, ауылдық жалпы білім беретін толық жинақталған мектептердің жан басына қаржыландыруға көшуі республикалық бюджеттен едәуір қаражат бөлуді талап ететінін атап өткен жөн, өйткені көшу кезінде барлық мектептерді қаржыландыру көлемін теңестіру жүзеге асырылатын болады. Мәселен, қалалық толық жинақты мектептерде ғана жан басына қаржыландыруды енгізу республикалық бюджеттен 213,6 млрд. теңге сомасында қосымша қаржыландыруды талап етті *(2021 жылға – 70,3 млрд. теңге; 2022 жылға – 73,1 млрд. теңге; 2023 жылға – 70,2 млрд. теңге)*.

Осылайша, республикалық бюджет қаражатын тиімді пайдалану және ысырапшылдыққа жол бермеу мақсатында ауылдық жалпы білім беретін толық жинақты мектептерді жан басына қаржыландыруға көшіру мәселесі білім беру саласындағы құзыретті аудандық деңгейден облыстық деңгейге бергеннен кейін қаралатын болады.

Жан басына қаржыландырудың жеке жүйесін дамыту туралы, қазіргі уақытта Министрлік «ақша оқушымен бірге жүреді» қағидатын толығымен жүзеге асыратын білім беру саласына ваучерлік қаржыландыруды енгізу мәселесі бойынша жұмыс істеп жатқанын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, жан басына қаржыландыруға көшкен орта білім беру ұйымдарында бұлтты бухгалтерияны енгізу мәселесі қарастырылуда. Бұлтты бухгалтерияны іске асыру мектептердің бюджет қаражатының жұмсалыуына мониторинг жүргізуге және бақылауға кейіннен ұлттық білім беру деректер қорына мәліметтерді жинақтауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні Ұлттық білім беру деректер қоры Әділет министрлігінің «Жеке тұлға» және «Заңды тұлға» секілді Мемлекеттік деректер қорымен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерінің және т.б. жүйелерімен интеграцияланған.

Жалпы, бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда және аталған мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е. Тоғжанов

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
(по списку)**

На № ДС-153 от 1 октября 2020 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос относительно процесса внедрения подушевого нормативного финансирования в общеобразовательных школах, сообщая следующее.

Согласно Методике подушевого финансирования² (далее – Методика) с 1 сентября 2020 года внедрено полномасштабное подушевое финансирование в 1 595 городских полнокомплектных школах республики (*из них с сентября текущего года подушевое финансирование дополнительно внедрено в 1 149 школах*) и включает расходы на оплату труда, коммунальные услуги, капитальные расходы, услуги связи, а также расходы на формирование стимулирующего фонда для учителей.

Необходимо отметить, что с 2013 по 2017 годы апробация подушевого финансирования проводилась в 30 сельских школах 5 регионов (*в Акмолинской, Актюбинской, Алматинской, Восточно-Казахстанской, Туркестанской областях*).

По итогам пилотного проекта, в сельских школах, где было внедрено подушевое нормативное финансирование, из-за низкой наполняемости классов не окупались расходы по их функционированию, в т.ч. по заработной плате работников. Например, в сельской школе с проектной мощностью на 120 мест, наполняемость составляет порядка 80 человек. Если при сметном содержании сумма финансирования в год составляла 64 млн. тенге, то при подушевом нормативном финансировании объем финансирования составил бы 36,2 млн. тенге (*меньше на 56,5%*). При этом, расходы на функционирование школы остались прежними.

В настоящее время Министерством образования и науки (далее – Министерство) проект Методики с соответствующими коррективами (*доплата за работу в сельской местности*) подготовлен для сельских общеобразовательных полнокомплектных школ.

При этом следует отметить, что переход сельских общеобразовательных полнокомплектных школ на подушевое финансирование требует выделения значительных средств из республиканского бюджета, так как при переходе будет осуществлено выравнивание объема финансирования всех школ. Так, внедрение подушевого финансирования лишь в городских полнокомплектных школах потребовало дополнительное финансирование из

² Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 27 ноября 2017 года № 597 «Об утверждении Методике подушевого финансирования дошкольного воспитания и обучения, среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, а также высшего и послевузовского образования с учетом кредитной технологии обучения»

республиканского бюджета в сумме 213,6 млрд. тенге (2021 год – 70,3 млрд. тенге, на 2022 год – 73,1 млрд. тенге, на 2023 год – 70,2 млрд. тенге).

Таким образом, в целях эффективного использования средств республиканского бюджета и недопущения расточительства, вопрос перехода сельских общеобразовательных полнокомплектных школ на подушевое финансирование будет рассмотрен после передачи компетенции в области образования с районного уровня на областной уровень.

Относительно разработки отдельной системы подушевого финансирования сообщаем, что в настоящее время Министерством прорабатывается вопрос внедрения ваучерного финансирования в сфере образования, что позволит в полной мере реализовать принцип «деньги следуют за учеником».

Наряду с этим, рассматривается вопрос внедрения облачной бухгалтерии в организациях среднего образования, перешедших на подушевое финансирование. Реализация облачной бухгалтерии позволит вести мониторинг и контроль за расходованием бюджетных средств школами с последующим аккумулированием сведений в Национальной образовательной базе данных.

На сегодняшний день Национальная образовательная база данных интегрирована с такими информационными системами как Государственная база данных «Физическое лицо» и «Юридическое лицо» Министерства юстиции, системами Министерства труда и социальной защиты населения, Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности и т.д.

В целом, работа в данном направлении продолжается и указанные вопросы находятся на постоянном контроле Правительства.

Е. Тугжанов

Исп.: Н.Е. Абдрахимов
Тел.: 74-54-10